

"Победа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жануарлар фермасында ветеринарлық режим және шектеу шараларын жою туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы Орловка ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 03 желтоқсандағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес Шарбақты ауданы Орловка ауылдық округінің ветеринарлық-санитарлық мемлекеттік бас инспекторының ұсынымы негізінде **ШЕШТІ**:

1. 2015 жылғы 17 маусымдағы Шарбақты ауданы Орловка ауылдық округінің аумағында орналасқан өзара жанасқан барлық жануарларды жоюмен байланысты (ірі кара мал), "Победа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жануарлар фермасындағы ветеринарлық режим және шектеу шаралары жойылсын.

2. Орловка ауылдық округінің 2015 жылғы 17 маусымдағы "Шарбақты ауданы Орловка ауылдық округінің аумағында орналасқан "Победа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жануарлар фермасында ветеринарлық режим және шектеу шараларын белгілеу туралы" № 1 шешімі (2015 жылғы 17 шілдеде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4612 тіркелген. Аудандық № 29 "Трибуна" және "Маралды" газеттерінде 2015 жылғы 23 шілдеде жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Орловка ауылдық округінің әкімі

И. Галлямова